

**ЭКОНОМИКА
ЭКОНОМИКА
ECONOMY**

FTAXP: 06.51.25

<https://orcid.org/0000-0002-5503-641X>

<https://orcid.org/0000-0002-4723-8257>

Айдарова А.Б.*, Өміртай К.А.

экономика ғ.к., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

7M04110 - «Экономика» мамандығының магистранты,

М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

**ШЕТЕЛ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ
САЯСАТЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ**

Автор-корреспондент: ab_moon@mail.ru

Түйін: Мақалада Өзбекстан Республикасы мен Қырғызстанның инвестициялық саясаттары қарастырылған. Соңғы 4 жыл көлеміндегі макроэкономикалық көрсеткіштергі талдау жасалынды. Мақаланың мақсаты – Өзбекстанға және Қырғызстанға жалпы оның аймақтарына шетелдік инвестицияларды белсендірек тарту үшін қажетті шараларды анықтау. Мақаланың өзектілігі – әлемдік экономикалық құбылыстардың ішінде инвестициялық үдерістердің маңызын екі мемлекеттердің тәжірибесін негізге ала отырып қарастыру, ашу. Өзбекстанда және Қырғызстанда соңғы жылдары болып жатқан жағдайлар мен динамикалық өзгерістерді терең және жан-жақты зерттеу жүргізілді. Мемлекеттің инвестициялық саясатын әр сала бойынша жүргізіліп жатқан іс-шаралар кешені бойынша шолу жасалынды. Соның ішінде, тікелей шетелдік инвестициялар саясаты және оның заңнамалық базасына, өнеркәсіп саласындағы инвестицияларды ынталандыру жолдарын басты назар аударылды. Инвестициялық үдерістердің талдай отырып, мемлекеттердің экономикасының дамытуға қатысты бірнеше ұсыныстар тізбесі қарастырылды.

Кілт сөздер: инвестиция, инвестициялық саясат, экономикалық өсім, инвестициялық процесс, әлеуметтік-экономикалық жүйе

MPHTI: 06.51.25

<https://orcid.org/0000-0002-5503-641X>

<https://orcid.org/0000-0002-4723-8257>

Айдарова А.Б., Өміртай К.А.

к.экон.н., профессор ЮКУ им.М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан

магистрант специальности 7M04110 - «Экономика»

ЮКУ им.М.Ауэзова.Шымкент, Казахстан

**АНАЛИЗ СОВРЕМЕННОГО СОСТОЯНИЯ
ИНВЕСТИЦИОННОЙ ПОЛИТИКИ ИНОСТРАННЫХ ГОСУДАРСТВ**

Автор-корреспондент: ab_moon@mail.ru

Аннотация: В статье рассматривается инвестиционная политика Республики Узбекистан и Кыргызстана. Проведен анализ макроэкономических показателей за последние 4 года. Цель статьи – определить необходимые меры по привлечению более активных иностранных инвестиций в Узбекистан и Кыргызстан и их регионы. Актуальность статьи заключается в рассмотрении и раскрытии значимости инвестиционных процессов среди мировых экономических явлений на основе опыта двух стран. Проведено глубокое и всестороннее исследование условий и динамических изменений, происходящих в Узбекистане и Кыргызстане в последние годы. Проведен обзор инвестиционной политики государства по комплексу мероприятий, проводимых в

каждой сфере. Среди них основное внимание было уделено политике прямых иностранных инвестиций и ее законодательной базе, способам стимулирования инвестиций в промышленный сектор. При анализе инвестиционных процессов был рассмотрен перечень нескольких предложений, связанных с развитием экономики государств.

Ключевые слова: инвестиция, инвестиционная политика, экономический рост, инвестиционный процесс, социально-экономическая система

IRSTI: 06.51.25

<https://orcid.org/0000-0002-5503-641X>

<https://orcid.org/0000-0002-4723-8257>

Aidarova A.B., Omirtay K.A.

candidate of Economic Sciences, Professor. M.Auezov SCU. Shymkent, Kazakhstan
Master's student, specialty 7M04110 – «Economics» M.Auezov SCU. Shymkent, Kazakhstan

ANALYSIS OF THE CURRENT STATE OF INVESTMENT POLICY OF FOREIGN COUNTRIES

Corresponding author: ab_moon@mail.ru

Abstract: The article discusses the investment policy of the Republic of Uzbekistan and Kyrgyzstan. An analysis of macroeconomic indicators over the past 4 years was carried out. The purpose of the article is to determine the necessary measures to attract more active foreign investment in Uzbekistan and Kyrgyzstan and their regions. The relevance of the article lies in the consideration and disclosure of the significance of investment processes among world economic phenomena based on the experience of two countries. An in-depth and comprehensive study of the conditions and dynamic changes occurring in Uzbekistan and Kyrgyzstan in recent years was carried out. A review of the state's investment policy was carried out on a set of activities carried out in each area. Among them, the main attention was paid to the policy of foreign direct investment and its legislative framework, ways to stimulate investment in the industrial sector. When analyzing investment processes, a list of several proposals related to the development of the economies of states was considered.

Key words: investments, investment policy, economic growth, investment process, socio-economic system

Кіріспе

Инвестициялық мәселелер әрқашан экономикалық зерттеулердің басты назарында болды. Себебі, инвестициялық үдерістер жалпы экономикалық өсу үдерісіне әсер етеді. Инвестициялар процестерді жандандыру әлеуметтік-экономикалық қайта құрудың тиімді тетіктерінің бірі болып табылады [1].

Инвестициялық тартымдылық мәселесін қарастыру кезінде оны бағалау үшін қолданылатын әдістерге ерекше назар аудару қажет. Елдің әлеуметтік-экономикалық жүйесінің перспективалық жағдайы, оның әлеуметтік-саяси тұрақтылығы инвестициялық мәселелерді тиімді шешуге байланысты. Қазіргі жағдайда әлеуметтік-экономикалық процестерді басқарудың формалары орталықтандырылған жүйеден аймақтық деңгейге өте белсенді түрде ауысуда. Өңірлердің өкілеттіктерін кеңейту тенденциясы олардың инвесторлармен ынтымақтастық саласын қамтиды. Көптеген өңірлер өздерінің инвестициялық саясатын әзірлеп, инвестициялық мәдениетті қалыптастырып келе жатыр. Қазіргі уақытта экономистер арасында инвестициялық тартымдылықты анықтауға бірыңғай көзқарас жоқ. Инвестициялық климатты инвестициялық тартымдылық пен инвестициялық қызметтің жиынтығы ретінде қарастырған жөн.

Инвестициялық қызмет - бұл аймақтағы күрделі инвестицияны дамытудың жолдары және шешімдері [2]. Инвестициялық тартымдылық әлеуетті табыстар, кірістер мен тәуекелдер тұрғысынан кәсіпорындардың, салалардың, аймақтардың, тұтастай алғанда елдердің ажырамас сипаттамасы ретінде түсініледі.

Теориялық талдау

Инвестициялық қызметтер жаһандану саясатының бөлігі ретінде қарастыра отырып, Өзбекстан Республикасы және Қырғыз Республикасының инвестициялық саясаттарының тәжірибесіне талдау жүргізуді жөн көрдік.

Өзбекстан Орталық Азияның ортасында орналасқан дамушы экономикасымен ерекшеленетін мемлекет болып табылады. 2017 жылы басталған экономикалық реформалар бағдарламасы елдің бұрын оқшауланған және жоғары орталықтандырылған экономикасын жеке инвесторлар үшін қолайлы және сыртқы факторларға төзімді ете бастады. Экономикалық қайта құрудың келешегі мен 36 миллионнан астам адамы бар ішкі нарықтың орасан зор әлеуеті шетелдік компаниялардың назарын аудартуда.

Өзбекстанда инвесторлар шикізат пен еңбек ресурстарының қолжетімділігін, барлық Орталық Азия елдерінің нарықтарына тікелей қол жеткізуді және әртүрлі ынталандырулар мен преференцияларды, тіпті мемлекеттік субсидияларды да пайдалана алады. Дегенмен, үнемі жетілдіріліп жатқан заңнамалық базаға қарамастан, ел үкіметінің қолдауы іскерлік даулар туындаған жағдайда келісім-шарттар мен сот шешімдерінің орындалуының әлсіздігі салдарынан бизнестің табысты болуының маңызды алғышарты болып қала береді. Жергілікті билік инфрақұрылым мен экспортқа бағытталған жобалар басым болатын даму бағдарламаларына сәйкес келетін инвестицияларды барынша қолдауға тырысады. Келесі 1-ші суретте Өзбекстан Республикасының шетелдік инвестициялары келесідей нысанда жүзеге асырылады.



Сурет-1. Өзбекстан Республикасының шетелдік инвестицияларын тартудағы нысандар[3]

Қырғыз Республикасы Орталық Азия аймағындағы ең маңызды транзиттік ел болып табылады, өйткені негізгі жүк тасымалдау бағыттары –Қазақстаннан Ресейге, Тәжікстан мен Ауғанстанға қарай, Орталық Азияның Қытаймен байланысы. Қырғыз Республикасы тәуекелі жоғары инвесторларға бағытталған шекаралық нарық болғанына қарамастан, президент Садыр Жапаров басқаратын үкімет әртараптандырылған тікелей шетелдік

инвестицияларды (ТШИ) тартуға және IT, инновациялық және жасыл экономика секторларын дамытуға ниет білдіруде. Бұл бағыт тұрақты экономикалық өсуге ықпал ететіні сөзсіз.

Қырғызстанның инвестициялық тартымдылығына әсер етуші факторлар келесі 2-суретте көрсетілген.



Сурет-2. Қырғызстанның инвестициялық тартымдылығына әсер ететін факторлар [4]

Зерттеу әдістері

Ғылыми мақаланың әдіснамалық негізі теориялық жалпылау және талдау әдістері болды.

Мемлекеттің ұлттық экономикадағы инвестициялық процеске әсер етуінің екі әдісін анықтауға болады. Олар: пассивті және активті.

Пассивті әдіс кәсіпкерлердің индикативті инвестициялық жоспарларды әзірлеу арқылы инвестициялаудың ең тиімді нұсқаларын таңдауға бағытталуымен байланысты. Пассивті әдістерді қолдану ұдайы өндіріс қызметіне қатысушыларды ел экономикасындағы өнімді өндіру, сату және тұтыну шарттары туралы хабардар етуге бағытталған. Олар сондай-ақ елдің әлеуметтік-экономикалық даму перспективаларын негіздеуді, инвестициялық белсенділік дәрежесін айқындауды, экономиканы дамытудың индикативтік жоспарын және оның құрамдас бөлігі ретінде инвестициялық жоспарды әзірлеуді қамтиды.

Активті әдістердің жиынтығы мемлекеттің инвестициялық процестерге әсер етуінің неғұрлым тиімді тетіктерін пайдаланумен байланысты. Активті әдіс тікелей мемлекеттік инвестициялаумен, сондай-ақ мемлекеттік органдардың кәсіпкерлердің инвестициялық белсенділігін жандандыруға бағытталған бюджет-салық саласындағы іс-шараларды өткізуімен байланысты болады.

Нәтижелер мен талқылау

Өзбекстанның инвестициялық саясатын әр сала бойынша жүргізіліп жатқан іс-шаралар негізінде талдап көрейік.

1. Тікелей шетелдік инвестициялар саясаты

Соңғы жылдары Өзбекстан үкіметіне жаһандық COVID-19 пандемиясының

салдарымен және Ресейдің Украинаға негізсіз басып кіруінен туындаған құбылмалы геосаяси жағдаймен күресуге тура келді. Тұрақты өсуді қолдау, жұмыссыздық пен кедейліктің іргелі мәселелерін шешу үшін үкімет бастапқыда жоспарланғаннан көп мемлекеттік қаражатты жұмылдырды.

Өзбекстанның заңнамасы, соның ішінде «Инвестициялар және инвестициялық қызмет туралы» заң Өзбекстаннан қаражаттарды шектеусіз шығаруға және инвестицияларды ұлттандырудан қорғауға кепілдік береді. 2021 жылы үкімет мемлекеттік органдар мен инвесторлар арасындағы өзара іс-қимылдың көп деңгейлі механизмін құрды, оның құрамына Инвестициялар, индустрия және сауда министрлігі, аймақтық үкіметтер басшыларының орынбасарлары, шетелдегі дипломатиялық өкілдіктер және коммерциялық банкте тағайындалды.

Өзбекстан үкіметі алдағы 10 жыл ішінде елдің жалпы ішкі өнімін екі есеге ұлғайту туралы амбицияларын жариялады. Бұл мақсатқа жету үшін алдағы 5 жылда 120 миллиард долларға дейін жеке инвестиция, оның ішінде 70 миллиард доллар тікелей шетелдік инвестиция тарту жоспарлануда. Бірақ тікелей шетелдік инвестицияның экономикалық пайдасын толық ашу үшін көп жұмыс істеу керек.

Жалпы Өзбекстан үкіметі сыртқы инвестицияны ынталандырмайды. Инвестициялар, индустрия және сауда министрлігі сыртқы инвестицияларды негізінен екіжақты экономикалық ынтымақтастық түрінде үйлестіреді. Шетелдік инвестицияның ең танымал бағыттары: Ресей, Қытай, Қазақстан, Сингапур, БАӘ, Шотландия, Түркия және Германия.

Сыртқы инвестицияға ресми шектеулер жоқ. Дегенмен, белгілі бір шетелдік юрисдикциялармен (Ауғанстан, Иран, Сирия, Ливия және Йемен сияқты) және оффшорлық салық баспаналарымен қаржылық транзакциялар билік тарапынан қосымша тексеруге ұшырауы мүмкін.

Қырғыз Республикасы ТШИ-ді мемлекеттің экономикалық дамудың маңызды құрамдас бөлігі екенін ашық мойындайды. Үкімет шетел инвестициясын тартуға бағытталған заңдарды қабылдаса да, коммерциялық дауларда қылмыстық тергеуді қолдану, ауыр бюрократия, мемлекеттік қызметкерлердің жиі ауысуы, инвесторлардың активтерін қорғамау шетелдік инвесторлардың жолын кесуде [5].

Тікелей инвестиция ағынын ынталандыру мақсатында 2020 жылы Парламент «Қырғыз Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инвестицияларды қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылдады.

2. Инвестициялық Нормативтік құқықтық актілердің ашықтығы

Өзбекстанда бизнес пен инвестициялық қауымдастықты қорғауға бағытталған маңызды заңдар мен нормативтік актілер бар. Бәсекелестікті реттейтін негізгі заңнамаларға «Бәсекелестік туралы», «Кәсіпкерлік еркіндігінің кепілдіктері туралы», «Жеке кәсіпкерлік туралы», «Инвестициялар және инвестициялық қызмет туралы» заңдар, сондай-ақ бірқатар қаулылар, ережелер мен нұсқаулар кіреді. 2016 жылдың соңында Өзбекстан үкіметі бизнес және инвестиция заңнамасын жетілдіру және оңтайландыру қажеттілігін ашық түрде мойындады.

Қырғыз Республикасындағы тікелей шетелдік инвестициялардың негізгі құқықтық негізі 2021 жылға дейін көптеген түзетулерді көрсететін 2003 жылы қабылданға «Инвестициялар туралы» заң болып қала береді.

Келесі кестеде Өзбекстан және Қырғызстанның соңғы 4 жыл аралығында макроэкономикалық көрсеткіштеріне шолу жасалынды.

Кесте - 1. Өзбекстан және Қырғызстанның негізгі экономикалық индикаторлары, млрд.сом


Өзбекстан	2020ж.	2021ж.	2022ж.	2023ж.
Негізгі капиталға салынған инвестиция, млрд сом	210195,1	239552,6	266240,0	352064,1
ЖІӨ, доллар	59.89	69.24	80,4	86,1
Өнеркәсіп өндірісінің көлемі	368740,2	456056,1	553265,0	655821,9
Қырғызстан	2020ж	2021ж	2022ж	2023ж
Негізгі капиталға салынған инвестиция, млрд сом	122858,7	122843,3	139417,5	168537,4
ЖІӨ, доллар	7,7	8,5	10,9	22,2
Өнеркәсіп өндірісінің көлемі	325090,1	370533,8	435815,6	483000,0

Дереккөз: Автормен құрастырылған [6], [7].

Өзбекстанда 2020 жылғы COVID-19 пандемиясынан кейін макроэкономикалық көрсеткіштердің өсу қарқыны айтарлықтай үлкен болмады. 2023 жылы ЖІӨ 76,1 %-ға өссе, өнеркәсіп өндірісінің көлемі 77,9 %-ға, ауыл шаруашылығы саласының көлемі 1,2 %-ға артқаны байқалады. Негізгі капиталға салынған инвестиция 67,5 %-ға көбейген.

Қырғызстанның постковидтің кезеңдегі көрсеткіштерінде өсу қарқыны байқалмайды. 2022 жылдан 2023 жылға қарай макроэкономикалық индикаторлар қарқыны айтарлықтай өскен. Негізгі капиталға салынған инвестициялар 4 жыл ішінде 37,2 %-ға өсті.

Келесі суретте 1990-2020 жж аралығындағы Өзбекстан және Қырғызстанның ТШИ ағыны динамикасы көрсетілген.



Сурет - 3. ТШИ ағыны, млрд доллар
 Дереккөз: Автормен құрастырылған [8].

1990-2022ж аралығындағы ТШИ ағынының динамикасы 2005 жылдан кейін айтарлықтай артқан. Осы жылдан бастап Өзбекстанға тартылған шетелдік инвестициялар ағыны Қырғызстанға қарағанда көлемі ауқымырақ екені байқалады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Өзбекстан мен Қырғызстанның қолайлы инвестициялық ахуалды құруға кедергі келтіретін тосқауылдырды жою бойынша келесідей ұсыныстар жасауға болады. Олар:

- инвестициялық саясат мәлімдемесін және инвесторлар үшін бизнесті жүргізу үшін дайын платформаларды әзірлеуге, сондай-ақ бизнесті жетілдіруге назар аудару қажет;
- еңбек ресурстарының сапасын арттыру;
- капитал резервтерінің ұлғайту;
- инвестицияларды қабылдау және біздің еліміздің аумағында сауданы дамыту үшін құрылған құқықтық жүйені одан әрі дамыту;
- елдің ішкі инфрақұрылымын басқаруға, жолдарды, әуежайлар мен коммуникацияларды одан әрі жақсартуға ерекше көңіл бөлу;
- елдің халықаралық ережелерге сәйкес сауда-инвестициялық институттар жүйесін одан әрі дамыту;
- бизнес-процесс қатысушыларының деректерін қорғау;
- мемлекеттік және гранттық қолдаудың тиімділігін арттыру;
- туристік аймақтарды дамыту;
- экологиялық мәселелерді шешу;
- бәсекеге қабілетті өнімдерді қалыптастыру.

Әдебиеттер тізімі

1. Birnleitner, H., (2014). Attractiveness of countries for foreign direct investments from the macro-economic perspective, Proceedings of FIKUSZ '14 Symposium for Young Researchers., 29-40 (12 pages).
2. Арынова З.А., Нарынбаева А.С. Инвестиционная привлекательность региона как фактор конкурентоспособности. // Журнал «Проблемы агорынка». 2017;(2):70-75.
3. Инвестиционный потенциал Узбекистана [Электронный ресурс] / Агентство по привлечению иностранных инвестиций. Электронный ресурс - <https://invest.gov.uz> (Дата обращения: 13.02.2024)
4. Invest in Kyrgyz republic [Электронный ресурс] / [Investment portal Kyrgyz Republic](https://invest.gov.kg/). Электронный ресурс - <https://invest.gov.kg/> (Дата обращения: 15.02.2024)
5. 2023 Investment Climate Statements: Kyrgyzstan / U.S. Department of State. Электронный ресурс - <https://www.state.gov/reports/2023-investment-climate-statements/uzbekistan/> (Дата обращения: 20.02.2024)
6. Национальная база данных законодательства Республики Узбекистан [Электронный ресурс - <https://www.lex.uz/ru> (Дата обращения: 22.02.2024)
7. Раздел инвестиции / Национальный статистический комитет Кыргызской Республики Электронный ресурс - <https://www.stat.kg/ru/statistics/investicii/> (Дата обращения: 22.02.2024)
8. Investment - Uzbeksitan, Kyrgyz Republic / The World Bank: - Электронный ресурс - <https://data.worldbank.org> (Дата обращения: 25.02.2024)

Referens liste:

1. Birnleitner, H., (2014). Attractiveness of countries for foreign direct investments from the macro-economic perspective, Proceedings of FIKUSZ '14 Symposium for Young Researchers., 29-40 (12 pages).
2. Arynova Z.A., Narynbaeva A.S. Investicionnaja privlekatel'nost' regiona kak faktor konkurentosposobnosti. // Zhurnal «Problemy agrorynka». 2017;(2):70-75.
3. Investicionnyj potencial Uzbekistana [Jelektronnyj resurs] / Agentstvo po privlecheniju inostrannyh investicii. [Jelektronnyj resurs] - <https://invest.gov.uz> (Data obrashhenija: 13.02.2024)
4. Invest in Kyrgyz republic [Jelektronnyj resurs] / [Investment portal Kyrgyz Republic](https://invest.gov.kg/). Jelektronnyj resurs - <https://invest.gov.kg/> (Data obrashhenija: 15.02.2024)
5. 2023 Investment Climate Statements: Kyrgyzstan / U.S. Department of State. [Jelektronnyj resurs] - <https://www.state.gov/reports/2023-investment-climate-statements/uzbekistan/> (Data obrashhenija: 20.02.2024)
6. Nacional'naja baza dannyh zakonodatel'stva Respubliki Uzbekistan [Jelektronnyj resurs] - <https://www.lex.uz/ru> (Data obrashhenija: 22.02.2024)
7. Razdel investicii / Nacional'nyj statisticheskij komitet Kyrgyzskoj Respubliki [Jelektronnyj resurs] - <https://www.stat.kg/ru/statistics/investicii/> (Data obrashhenija: 22.02.2024)
8. Investment - Uzbeksitan, Kyrgyz Republic / The World Bank: - [Jelektronnyj resurs] - <https://data.worldbank.org> (Data obrashhenija: 25.02.2024)

жауапты автор туралы мәлімет (толық аты жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы) **Айдарова Айна Байларовна** - экономика ғылымдарының кандидаты, профессор, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан, 87078245940, ab_moon@mail.ru